



БҮЙРЫҚ

31.09.2024

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№

160

город Шахтинск

Сыбайлас жемқорлыққа бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру, білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп ережелерін бұзуға жол бермеу мақсатында Қарағанды облысының білім басқармасының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі №559 бұйрығы, Шахтинск қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №213 ж/к бұйрығы негізінде **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің педагогикалық ұжымы және қызметкерлерге:

1.1. Жөндеу жүргізуге, жиһаз, жабдық сатып алуға, үй-жайларды жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар алуға, аттестациялар, мерекелік іс-шаралар өткізуге және басқа да мақсаттарға ақша қаражатын мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.

1.2. Оқу орындарының қабырғасында жол бермеу жөнінде пәрменді шаралар қабылдансын:

- ойын-сауық іс-шараларына кітаптар, билеттер сату;
- концерттік бағдарламалар мен ертеңгіліктер өткізу үшін шақырылған актерлердің қызметтеріне ақы төлеуге қаражат жинау;
- ата-аналар мен оқушылардан ақшалай алымдар есебінен мерекелік күндерге сыйлықтар мен жүлделер сатып алу;
- мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын рәсімдеуге қаражат жинау;
- оқу-тәрбие процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың жарнамалық іс-шараларын жүргізу (байланыс операторларының, тамақтандыру ұйымдарының жарнамасы және т.б.);
- жалдау шарты жоқ коммерциялық құрылымдардың өнімдерін өткізу;
- білім беру ұйымдары қызметкерлерінің оқушылардың бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмайтын конкурстар мен зияткерлік ойындарға қатысуы үшін ата-аналардан қаражат жинау.

1.3. Тәрбие жұмысын іске сыру шеңберінде өткізілетін оқушылар мен тәрбиеленушілерінің мәдени – бұқаралық іс-шараларға қатысуына қаражат жинауды білім беру ұйымы қызметкерлерінің қатысуынсыз (театрларға, көрмелерге, мұражайларға және т.б. бару) ерікті негізде ғана жүргізілсін.